

## Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету ережесі туралы

### *Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қыркүйектегі N 387/51-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 29 қазанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 652 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 363/45-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 06.03.2019 № 363/45-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына , "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес, Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету ережесі бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес, Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдері күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты

сессиясының төрағасы

М. Шекенов

Астана қаласы мәслихатының

хатшысы

В. Редкокашин

Астана қаласы мәслихатының  
2010 жылғы 22 қыркүйектегі  
№ 387/51-IV шешіміне 1-қосымша

**Ескерту. Барлық мәтін бойынша "азаматтарды, азаматтармен, азаматтар, азамат, отбасылар, отбасыларға" деген сөздер "аз қамтылған отбасыларды (азаматтарды), аз қамтылған отбасылармен (азаматтармен), аз қамтылған отбасылар (азаматтар), аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға)" деген сөздермен ауыстырылсын - Астана қаласы мәслихатының 29.09.2014 № 291/41-V (алғашқы ресми жариялану күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулыларына сәйкес әзірленген және тұрғын үй көмегінің мөлшері мен оны көрсету тәртібін белгілейді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

коммуналдық және басқа да қызметтер – тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстау бойынша қызметтер, телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтері, жеке тұрғын үй қорында жергілікті атқарушы органмен жалға алынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы;

отбасы шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі – коммуналдық және басқа да қызметтерге ақы төлеуге, тұрғын үй көмегін тағайындау жөнінде хабарласқан алдындағы тоқсандағы отбасының орташа айлық жиынтық кірісінің сегіз пайызынан аспайтын шығындар.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2012.06.26 № 46/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 27.03.2014 № 222/31-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. Тұрғын үй көмегі Астана қаласында тұрақты тұратын тұрғын үй иесі немесе жалдаушысы (қосымша жалдаушысы) болып табылатын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) ақшалай төлем түрінде беріледі.

Тұрғын үй көмегі жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) осы мақсаттарға отбасы шығыстарының шекті жол берілген деңгейінен асып кеткен жағдайда, коммуналдық және өзге де қызметтердің құнын төлеуге беріледі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 28.03.2013 № 119/14-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 27.03.2014 № 222/31-V (**

алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;23.06.2017 № 160/20-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері осы Ережемен белгіленген норма шегінде коммуналдық және басқа да қызметтерге төлеуге тиесілі сома мен арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2012.06.26 № 46/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 27.03.2014 № 222/31-V ( алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. Осы Ережемен белгіленген нормалардан асатын коммуналдық және басқа да қызметтердің үстеме төлемін аз қамтылған отбасылар (азаматтар) жалпы негізде жүргізеді.

5. Тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде отбасы құрамына бірге тұратын, ортақ шаруашылық жүргізетін және Астана қаласында тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Он сегіз жасқа дейінгі ата-анасынан бөлек тұратын балалары ата-анасының отбасында есепке алынады. Егер ата-анасы ата-ана құқығынан айырылса, балалар қамқоршының (асыраушылар) отбасында есептеледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2012.06.26 № 46/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Тұрғын үй көмегі "Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі" ұсынған жұмысқа орналастырудан, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа, кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыруға жолдаудан, өз еркімен қоғамдық жұмысқа қатысудан дәлелсіз себеппен бас тартқан жұмыссыздарға тағайындалмайды.

Тұрғын үй көмегі жұмыссызға жұмысқа орналасқаннан бастап, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа, кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыруға жолданғаннан бастап қалпына келтіріледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 23.06.2017 № 160/20-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Тұрғын үй көмегін:

1) егер отбасында туберкулездің белсенді түрімен ауыратын, диспансерлік есепте тұрған, олардың стационарлық емдеуде бір айдан аса болған кезеңінде, бірінші және екінші топ мүгедектерін, мүгедек балаларды, сексен жастан асқан

тұлғаларды күтетін, жеті жасқа дейінгі бала тәрбиелеумен айналысатын тұлғаларды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда тіркелмеген еңбекке жарамды аз қамтылған отбасылар (азаматтар) болса;

2) егер ата-аналары айырылысқан, бірақ бірге тұратын балаларына алимент төлеу жөнінде талап етпеген;

3) егер жеке меншік құқығындағы тұрғын үй (пәтері, үйі) бір бірліктен артық болса, немесе тұрғын үй алаңдарын жалға (жалдау) тапсырған болса, аз қамтылған отбасылар (азаматтар) ресімдей алмайды.

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөнінде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгері Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) болып табылады.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 23.06.2017 № 160/20-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

9. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (бұдан әрі – өтініш иесі) жеке өз басы немесе отбасы атынан "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына немесе "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталына жүгінеді.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.06.2017 № 160/20-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтінішке(осы Ережеге 1-қосымша) мынадай құжаттар қоса беріледі ("электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталына жүгінген кезде құжаттардың электрондық көшірмелері):

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады);

2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі (жекешелендіру шарты, сыйға беру шарты, сатып алу-сату шарты және т.б.);

3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын мекенжай анықтамасы;

4) отбасының табысын растайтын құжаттар;

5) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

6) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсыну, егер олардағы мәліметтер тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған жағдайда, талап етілмейді.

**Ескерту. 10-тармақ жана редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.06.2017 № 160/20-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

11. Тұрғын үй көмегі көмекке құқық туған айдан кейін барлық қажетті құжаттармен (коммуналдық қызметтерге шот берілген айы) хабарласқан айдың алдыңғы айынан тағайындалады.

12. Тұрғын үй көмегі қызметтерді жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

13. Тұрғын үй көмегін тағайындаған айдан үш айдан астам коммуналдық және басқа да қызметтерге төлем жөнінде берешектер пайда болған аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеу пайда болған берешекті толығымен өтегенге дейін осы фактіні анықтаған айдан бастап тоқтатылады. Тұрғын үй көмегін тағайындағанға дейінгі коммуналдық және басқа да қызметтер бойынша берешектер аталған жағдайда есепке алынбайды.

14. Тұрғын үй көмегін алушыларды қайта тіркеу бірінші рет өтініш білдірген айдан бастап бір жыл ішінде осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынумен жүргізіледі.

15. Тұрғын үй көмегін алушылар тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе оның мөлшеріне әсер ететін, оның ішінде тұрғын үй меншік нысанының, отбасы құрамының және оның жиынтық табысының өзгеруі, ал жұмыссыздар – мәртебесінің өзгеруі туралы кез келген жағдайлар жөнінде Басқармаға он күндік мерзімде хабарлайды.

16. Ұсынылған құжаттардың дұрыстығын растау қажеттілігі жағдайында Басқарма өтініш иесінің тұрған жерінің материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізуге құқығы бар.

### **3. Коммуналдық және басқа да қызметтерді тұтыну нормалары**

17. Тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде келесі коммуналдық қызмет түрлерін төлемақысын жасауға шығындар ескеріледі:

- 1) электр қуатпен қамтамасыз ету;
- 2) сумен жабдықтау;

- 3) газбен жабдықтау;
- 4) жылумен жабдықтау;
- 5) кәріз;
- 6) қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару;
- 7) лифт қызметі.

**Ескерту. 17-тармақ өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 222/31-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

18. Коммуналдық қызметті жеткізушілер коммуналдық қызмет тарифтерін, сондай-ақ олардың Астана қаласы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органдармен келісілген өзгерістерін Басқармаға ұсынады.

19. Тұрғын үй көмегін тағайындағанда өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасына Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасымен белгіленген әр отбасы мүшесіне он сегіз шаршы метрден норма қабылданады. Жалғыз басты тұратын аз қамтылған отбасылар (азаматтар) үшін тұрғын үй алаңының нормасына жалғыз басты адамдар үшін отыз шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтерден кем емес тұрғын үй алаңының нормасы қабылданады.

20. Тұрғын үй көмегін есептегенде электр қуатын тұтынудың мына мөлшерлемелері:

150 Квт – 1-3 адамнан тұратын отбасына;

200 Квт – 4 және одан да көп адамдардан тұратын отбасына қолданылады.

21. Тұрғын үйдің газбен жабдықталмағаны және тамақ дайындау үшін электр тұрмыстық плиталары қолданылатыны жөнінде тиісті құжат болғанда, белгіленген нормативтерден асқан электр қуатына төленетін төлем, тұрғын үй көмегін алушылардың өтініші бойынша газбен жабдықтау үшін төленетін төлемнің есебіне есептелуі мүмкін, бірақ газбен жабдықтау үшін белгіленген тұтыну нормалары мен тарифтері шегінде.

#### **4. Отбасының кіріс жиынтығын есептеу**

22. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде оның құрамы осы Ереженің 5-тармағына сәйкес анықталады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2012.06.26 № 46/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

23. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) жиынтық табысын есептеу Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 бұйрығымен



бекітілген Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер аз қамтылған отбасылардың (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2012.06.26 № 46/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **5. Тұрғын үй көмегін тағайындау**

24. Ескерту. 24-тармақ алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 222/31-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25. Басқарма құжаттарды қабылдаған күннен бастап он күннің ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау туралы немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 222/31-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

26. Тұрғын үй көмегін алушы тұтынылған коммуналдық және басқа қызметтер туралы (екі айдың ішінде) мәліметтерді белгілі бір себептерге байланысты (науқастану, қала шегінен тыс жерде болу) уақытылы ұсынбаған жағдайда және осы себептерді куәландыратын тиісті анықтаманың болғаны кезінде, комиссия көрсетілген кезеңге тұрғын үй көмегін төлейді.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 222/31-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

27. Тұрғын үй көмегін аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) жалған мәлімет беру салдарынан артық немесе заңсыз төленген сомасын өндіріп алу заңнамамен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

## **6. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу**

28. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру қала бюджетінде тиісті қаржылық жылға қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

29. Кондоминиум объектісінің жалпы мүлігін күрделі жөндеуді төлеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтау жарнасына қатысты Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға тұрғын үй көмегін төлеу оны кондоминиум

объектісінің жалпы мүлігін күрделі жөндеуге сомалар жинақтау үшін кондоминиум объектісін басқару органының жинақ шотына екінші деңгейлі банктердің бөлімшелері арқылы аудару жолымен жүргізіледі.

Коммуналдық қызметтерді тұтынуға, телекоммуникацияның қалалық желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемнің ұлғаюына қатысты байланыс қызметтерін сатып алуға, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға берген тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеуге қатысты тұрғын үй көмегін төлеу, есептелген сомаларды алушылардың жеке шоттарына екінші деңгейлі банктердің бөлімшелері арқылы аудару жолымен жүргізіледі.

**Ескерту. 29-тармақ өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 222/31-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

30. Жинақ шотынан қаражатты пайдалану кондоминиум объектісінің органы мен мердігер арасындағы шарттарды орындауды қамтамасыз ету үшін кондоминиум объектісінің үй-жайларының (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

31. Алушылар қажетті құжаттарды өз уақытында ұсынбаған жағдайда осы Ереженің 26-тармағында көрсетілгеннен басқа жағдайда тұрғын үй көмегін төлеу тоқтатылады.

32. Тұрғын үй көмегін төлеуді жүргізетін банктердің бөлімшелері тұрғын үй көмегінің төленген сомаларына салыстыру актілерін жасайды және оларды ай сайын Басқармаға ұсынады.

Астана қаласында тұрғын үй  
көмегін көрсету ережесіне  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2012.06.26 № 46/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 27.03.2014 № 222/31-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 27.03.2014 № 225/31-V; 17.07.2015 № 400/55-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

## **Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтініш**

Мен \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., туған жылы)

тұрғын үйдің меншік иесі (жалға алушысы) болып табылатын, жеке куәлік

№ \_\_\_\_\_, кіммен берілді \_\_\_\_\_



Менің отбасыма құрамында \_\_\_\_ адам, мекенжайы \_\_\_\_\_  
коммуналдық және есептеу құралының құнын төлеу бойынша өзге де  
қызметтер төлемі бойынша шығынды өтеу үшін тұрғын үй көмегін  
тағайындауыңызды сұраймын.

№ р/с	Өтініш беруші отбасының мүшелері Т.А.Ә	Туған күні	Туыстық қатынастар	Әлеуметтік мәртебесі
1	2	3	4	5

Өтінішке қажетті құжаттарды \_\_\_\_ данада қоса беремін.

Есептік шоттың № \_\_\_\_\_ банктің атауы \_\_\_\_\_

Өзгерістер болған жағдайда 10 күннің ішінде ол туралы  
хабарлауға міндеттенемін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 1-тармағына  
және 385-бабының 3-тармағына сәйкес, ұсынылған

құжаттардың дұрыстығына жауапкершілікпен таныстым.

"\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

Құжатты қабылдады \_\_\_\_\_

(Құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы)

-----  
кесу сызығы

Азамат \_\_\_\_\_ тұрғын үй көмегін

тағайындау үшін қоса берілген құжаттармен \_\_ парақта қабылданды.

"\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. \_\_\_\_\_

(Құжатты қабылдаған маманның Т.А.Ә.)

Астана қаласында  
Тұрғын үй көмегін  
беру ережесіне  
2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының  
23.06.2017 № 160/20-VI (алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау  
басқармасы Тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі комиссия  
отырысының**

**20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_**

**ШЕШІМІ**

Т.Ә.А. \_\_\_\_\_

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Мәртебесі \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес, есептің негізінде 20\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ айына \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын көлемінде тұрғын үй көмегі

**ТАҒАЙЫНДАЛСЫН**

Тіркеу № \_\_\_\_\_

Ашылды \_\_\_\_\_

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

Бөлім бастығы \_\_\_\_\_

М.О.

Астана қаласы мәслихатының  
2010 жылғы 22 қыркүйектегі  
№ 387/51-IV шешіміне  
2-қосымша

## **Астана қаласы мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің Тізілімі**

1. Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 246/47-II "Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру ережесі туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 30 шілдеде № 283 болып тіркелген, 2003 жылғы 6 тамызда № 106 "Астана ақшамы" газетінде жарияланған);

2. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 17 ақпанда № 119/16-III "Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға және тұтынылған коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру ережесі туралы" Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 246/47-II шешіміне (Астана қаласының әділет департаментінде 2003 жылғы 30 шілдеде N 283 тіркелген) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылғы 14 наурызда № 379 болып тіркелген, 2005 жылғы 26 наурызда № № 40-41 "Астана хабары", 2005 жылғы 29 наурызда № 46 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған);

3. Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 12 шілдеде № 398/50-III Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 04 шілдедегі N 246/47-II "Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға және тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру Қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 30 шілдеде № 475 болып тіркелген, 2007 жылғы 4 тамызда № № 131-132 "Астана хабары", 2007 жылғы 4 тамызда № № 132-133 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған);

4. Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 251/38-IV Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 246/47-II "Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру ережесі туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 22 қазанда № 595 болып тіркелген, 2009 жылғы 27 қазанда № 128 "Вечерняя Астана", 2009 жылғы 27 қазанда № 120 "Астана ақшамы" газеттерінде жарияланған);

5. Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы № 278/41-IV Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 246/47-II "Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру ережесі туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 30 желтоқсанда № 609 болып тіркелген, 2010 жылғы 7 қаңтарда № № 1-2 "Вечерняя Астана", 2010 жылғы 7 қаңтарда № 1 "Астана ақшамы" газеттерінде жарияланған).